



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

(Дата обращения - 15.03.2018)

2. Грачёва М.С. Современная демографическая ситуация в Индии и история ее демографической политики// Электронный журнал Демоскопweekly, № 425 – 426/ 7 - 20 июня 2015

3. Афанасьев Д.О. Влияние этнорелигиозных факторов на демографические проблемы (на примере Индии и Пакистана) /Дипломатическая служба. 2015. № 3. С. 44-53.

4. Индия 1900 – 2001 // Пирамида численности населения – URL: <https://populationpyramid.net/india/1980/> (дата обращения:16.10.2017)

5. Дмитриев Р.В. Индия. Планирование семьи: «сверху» или «снизу»?/Азия и Африка сегодня. 2017. № 7. С. 46-51.

УДК 327

ТМД АУМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҚ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Садубекова Меруерт Серикқызы

m.sadubekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
Халықаралық қатынастар факультеті Аймақтану кафедрасының – 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Қ.Г. Даркенов

Ақпараттық саясат – мемлекет пен халық арасындағы екі жақты конструктивті диалогты және кез келген ақпаратты тарату мен сақтауға байланысты халықтың конституциялық құқығынқамтамасыз ететін мемлекеттің саяси, әлеуметтік-мәдени, құқықтық, экономикалық шаралардың кешені. Ақпараттық саясаттың объектілері:

- баспасөз ақпарат құралдары(газеттер, журналдар, кітаптар);
- электронды ақпарат құралдары (теле-, радиохабарлар, ғаламтор);
- байланыс құралдары;
- ақпараттық құқық;
- ақпараттық қауіпсіздік.

Ресейлік мамандар ақпараттық саясатты белгілі бір саяси мақсаттарға жету құралы мен саяси ықпалдың инструменті ретінде қарастырады. Себебі ақпараттық саясат субъектілері мемлекет немесе қоғамдық мүдде үшін, тіпті жеке мүдде үшін де ақпарат көмегімен адамдардың санасы мен психикасына, қылықтары мен қызметіне әсер ете алады. Сонымен қатар қазіргі таңда ақпараттық саясатты информатиканы, іздеу процесстерін, ақпараттың барлық түрлерінің сақталуын, таралауын, енгізуін, пайда болуын, ақпараттық техниканың дамуы мен енгізілуін, басқаруда ақпараттық жүйелердің барынша пайдалы пайдалану құралы ретінде түсіндіреді. Кез келген мемлекетте ақпараттық саясатты дайындаушылар, ең алдымен, ХХІ ғ. ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы компьютерлік жүйелердің негізінде екенін ескеруі қажет. Осыған орай көптеген мамандардың ойларынша, интернет-технологиялар билік бақылауында емес мемлекеттерде қауіптер пайда болады. Біріншіден, оппозициялы немесе арам ойлы адамдар массасын мобилизациялау мүмкіндігі, екіншіден, материалдарды бұрмалау мүмкіндігі, үшіншіден, ғаламторды шектен тыс пайдалану халықтың интеллектуалды деградациясына әкеліп соғады.

Қазіргі таңда әлемнің барлық дамыған елдері өзінің болашағын ортақ ақпараттық кеңістікпен терең байланыстырады. Ортақ ақпараттық кеңістік – қоғам дамуының ажырамас бөлігі, оған әсер етуші фактор. Сондықтан да АҚШ, Канада, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия сияқты дамыған мемлекеттер ортақ ақпараттық кеңістікті құру – 21 ғасырдың маңызды қадамы ретінде қарастырып, жаһандық ақпараттық кеңістікті құру жөнінде келісті.

Шетел мемлекеттің ортақ ақпараттық саясатты қолдауы ТМД мен ҰҚШҰ аясында

ақпараттық саясат мәселесін алға қоюда.

ТМД аумағындағы ақпараттық саясат өткен ғасырдың 90 жылдарында шапшаң қарқынмен дамыды. Сол кезде бұрынғы одақтас мемлекеттер арасында ақпараттық алмасу жөнінде бірқатар келісімдер мен шешімдерге қол жеткізілді. Соның ішінде:

- 1992 жылы 9 қазанда қабылданған «Ақпараттық ынтымақтастық» жөніндегі келісім;
- 1993 жылы 24 желтоқсан күні қабылданған «Мир» мемлекетаралық телерадиокомпаниясының жұмысын кедергісіз әрі тәуелсіз болуына гарант» туралы келісім;
- 1996 жылы 18 қазанда қабылданған «ТМД аумағындағы ортақ ақпараттық кеңістік құру Концепциясы» жөніндегі шешім;
- 1998 жылы 11 қыркүйекте қабылданған «ТМД мемлекеттері арасындағы ашық және кедергісіз ғылыми-техникалық ақпарат алмасу» туралы келісім [1].

Бұл келісімдер ішіндегі ең маңыздысы – 1996 жылы Мәскеуде қабылданған Концепция. Бұл Концепция ТМД аумағындағы ақпараттық ынтымақтастықтың дамуының негізі ретінде қарастырылады. Концепция аясында мемлекеттер арасындағы ақпарат пен ақпараттандыру мәселелеріндегі кооперациясы мен халықтың, ұйымдардың, мемлекеттердің ашық ақпараттық ресурстарға тең қолжетімділік мәселелесі мен ұлттық ақпараттық егемендік, қызығушылықтар балансы мәселелерін қарастырды. Концепцияның негізгі қағидалары ТМД аумағындағы ортақ ақпараттық кеңістік құру мен ортақ ақпараттық қимылдар, ақпараттық алмасудың ортақ принциптері мен идеяларын алға қойды [2]. ТМД мемлекеттері арасында ортақ ақпараттық кеңістікті құрудың басты мақсаты – ортақ мүдделер мен ұлттық ерекшеліктерге байланысты мемлекеттер арасындағы тең ақпараттық ынтымақтастық. Ортақ мүдделерге: ТМД мемлекеттері мен ұйымдардың іс-әрекеттері жөнінде ақпараттың цензурасыз, кедергілерсіз таратылуы; мәдениет, білім, ғылым, техниканың дамуы, халықтың, өндіріс орындарының, мекемелердің, билік органдарының ұлттық және халықаралық ақпараттық ресурстарға қолжетімділігі; наркобизнеспен, қылмыспен, терроризммен күресті координациялау; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ТМД мемлекеттері арасындағы ақпараттық ресурстардың тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.

Көптеген отандық және ресейлік мамандардың пікірінше, ТМД аумағындағы құрылған ең жемісті ақпараттық проект – «Мир» мемлекетаралық телерадиокомпанияның құрылуы. Қазіргі таңда «Мир» күнсайын ТМД аумағында көбінесе орыс тілінде хабар таратады. 30-миллиондық аудиторияның айтуы бойынша, оларға ТМД аумағындағы халықтың тұрмысы мен мәдениетімен таныстыратын нейтралды бағдарламалар ұнайды. Осы жерде атап өтетін маңызды жайт: «Мир» тарататын халық ынтымақтастығы орыс тілде сақталып келеді [3].

Жоғарыда атап кеткен мәселелер төңірегінде қазіргі таңда ТМД-ның ақпараттық кеңістігі жөніндегі Концепцияның құрылғанына 22 жыл болса да, ТМД аумағындағы ақпараттық кеңістік құрыла алмай, мемлекетаралық ақпараттық алмасудың дамуында шын мәнінде өзгерістер бола қойған жоқ деген тұжырымға келуге болады. Бұл мәселеге саяси, экономикалық, ақпараттық факторлар өз әсерін тигізді.

1. ТМД аумағы мемлекеттер арасындағы саяси элитаның әртүрлі көзқарастары, белгілі бір мәселелерге байланысты ауызбіршілікке жете алмауы ақпараттық кеңістіктің құрылуын тежелеуде;
2. ТМД мемлекеттері арасындағы саяси және әскери қайшылықтар (мысалы, Крым мәселесіне байланысты Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстар, Ресей мен Грузия, Ресей мен Молдова, Армения мен Әзірбайжан, Өзбекстан мен Қырғызстан арасында);
3. ТМД мемлекеттеріндегі саяси лидерлері мен экономикалық және саяси структуралардың арасындағы саяси еріктің болмауы;
4. Шекаралас мемлекеттердің (Қытай, Түркия) ақпараттық экспансияның күшеюі;
5. ТМД мемлекеттердің кейбіреулерінің ұлттық ақпараттық кеңістікті қорғаудың нормативті-құқықтық құжаттарды қабылдауы;
6. Шетелдік мемлекеттерден тиімді бағамен жаңашыл техника мен телекоммуникациялық техниканы импорттаудың жеңіл әрі тиімді болуы.
7. Мемлекеттердің өз ішкі жағдайы мен экономикасының аймақтық интеграция

мәселесінен маңызды болуы.

Осы факторлар ТМД аумағындағы ақпараттық кеңістіктің дамуын тежеді және аймақтағы геосаяси жағдайды айқындады. Көптеген мамандардың айтуынша, қазіргі таңдағы ақпараттық интеграциялық процесстер әлі күнге дейін төменгі деңгейде; осы аймақтағы халықтың мәдени-тарихи қызығушылықтарды толтыра алмайды және тәуелсіз мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік принциптерін сай емес. Бұл, әсіресе, әлемдік интеграциялық процесстермен салыстырғанда айқын байқалады. Еуропалық одақ мемлекеттерінде халықаралық ақпараттық кеңістікті кеңейту – маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі таңдағы жағдайға сәйкес ақпараттық саясат пен оның дұрыс іске асуы – ТМД мемлекеттері арасындағы интеграциялық процесстердің сәтті тереңдеуінің, коллективті қауіпсіздіктің дамуының қосымша стимулы. Ақпараттық саясаттың қалыптасуында халық пен қоғамның емес, мемлекет мүддесінің артықшылығы байқалады. Себебі халық үшін ойлардың әртүрлілігі, ақпарат көздерінің әр алуандығы, сенімді ақпаратқа қол жеткізу маңызды болып табылады. Сондықтан да ТМД мемлекеттеріне ортақ әрі тең ақпараттық кеңістікке қол жеткізу үшін әлі де көп жұмыс жасау керектігі сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Информационная политика ; под общ.ред. В. Д. Попова. М.: Изд-во РАГС, 2003. – 463 с.
2. Халипов, В. Ф. Власть. Политика. Государственная служба / В. Ф. Халипов, Е. В. Халипова, В. А. Ми-хайлов, И. А. Исаев. – М. : Академический проект, 2007. – 384 с.
3. Горбунов, В. К. Особенности технологий информационно-политического воздействия: потребности и возможные опасности / В. К. Горбунов, Е. Е. Федорова // Актуальные вопросы общественных наук: социология, политология, философия, история. – Новосибирск : Изд-во Сибак, 2014

УДҚ 338.2

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ АҚШ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ АФРИКА ЕЛДЕРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ (энергетикалық ресурстар)

Саханова Жанәла Сериковна

Zhanela.s@yandex.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Аймақтану мамандығының I курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Т.Т.Атаева

Әлемдік нарықта көптеген елдер отандық өнімдерімен тауар алмасып отырады. Бүгінде әлемдік тауар алмасуда даму қарқыны мен мәртебелік жоғарылауы жағынан сан қилы елдер кездесіп жатады. Соның ішінде өнеркәсібі дамыған, алып державалар бар. Олар әрине, АҚШ, Қытай Германия, Жапония, Франция т.б. сияқты елдер болып табылады.

Соның ішінде Қытай елі әлемдегі тұрақты экономикаға ие елдер қатарында. ҚХР экономикасы соңғы 30 жылда тұрақты өсіп келеді. 2010 жылы ЖІӨ көрсеткіші бойынша Қытай АҚШ тан кейінгі 2-орынға көтерілгенін барлығымыз білеміз. 2009 жылы ЖІӨ-нің көрсеткіші \$5,02 трлн-ды құрады. 2010 жылдың сәуір-маусым айлары деректері бойынша, Қытай Жапонияны осы көрсеткіш бойынша басып озды. Қытай ХХІ ғасырдың басында өнеркәсіптік өндіріс көлемі бойынша дүниежүзіндегі бірінші индустриялы алып державаға айналды. Қытай — әлемде көмір, темір, марганец, қорғасын-мырыш, сурьмян және вольфрам кендерін, сондай-ақ ағаш өндіру бойынша жетекші орынды алады. Сондай-ақ ҚХР аумағында мұнай, газ, уран өндіру жүргізіледі. Қытайда сирек кездесетін металдар (молибден, ванадий, сүрме) қорының 37%-ы орналасқан. ХХ ғасырдың 80-ші жылдарындағы қомақты инвестициялар нәтижесінде, осы қазбаларды өндірудің Қытайға